Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Ж. Мұқанның 2022 жылдың қыркүйек- қазан айларында өткізілетін мерекелік іс-шаралар жоспарына, қаралаған қаржыларына өзгерістер енгізу жобасын талқылау жөніндегі өткізілген жиналысының

№22 ХАТТАМАСЫ

Шымкент қ. « » қазан 2022 жыл

Төраға: Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары - Ш.Ж. Мұқан

Қатысқандар:

1. Шымкент қаласының мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы - м.у.а Д. Жүнісов.
2. Шымкент қаласының мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасының мәдениет және тарихи-мәдени мұраны сақтау бөлімінің басшысы - Б.Орынтаев.
3. «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК-ның директор м.а. - С.Е. Лесбаев.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: «Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының 2022 жылға жоспарланған іс-шаралардың қаржыларын нақтылау, қосымша іс-шараларды енгізу және жоспарлау сметасына өзгерістер енгізу».

2. «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК-ның директор м.а. - С.Е. Лесбаев. Алдағы іс- шараларды ауқымды және жоспарлы ұйымдастыру мақсатында іс-шара жоспарына қаржылық нақтылау жасап, туындаған қажеттіліктерге орай қосымша іс-шараларды жоспарға енгізуді ұсынамын. *Атап өтетін болсақ*:

Мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың 100 жылдығына орай салтанатты іс- шара -***29 663*** мың теңге;

Ақын, Халықаралық С. Есенин атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық "Алаш" атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаның 60 жылдық мерейтойына арналған "Сырымды айттым далаға" атты шығармашылық кешіне арналған іс- шара -***6 600* мың теңге**;

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері ақын, әнші, композитор филология ғылымының кандидаты Елена Әбдіхалықованың "Есіңе мені алғайсың" атты шығармашылық кешіне арналған іс- шарасы -***5 940* мың теңге**;

Айтыскер ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ақмарал Леубаеваның шығармашылық кешіне арналған іс- шарасы ***5 500* мың теңге**;

«Әнші, актриса Әкім Ұлбосынның «Бенефисің оң болсын » атты авторлық шығармашылық кешін ұйымдастыруға арналған іс-шара -***5 500* мың теңге**;

Республика күніне арналған іс- шара- ***53 000* мың теңге**;

;

«Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Құрмет Орденінің иегері Профессор Ибрагим Бауыржан Сабзалыұлының 60 жылдық мерейтой концертін» ұйымдастыруға арналған іс-шара - ***5 060* мың теңге**;

Ақын, драматург, сазгер Исраил Сапарбайдың 75 жылдығына арналған "Иманы гүлдің төркіні" атты іс- шара - ***5 500* мың теңге**.

Қазақстан мен Италия арасында дипломатиялық қарым – қатынастың орнағанына 30- жыл толуына орай Қазақстанның Италия еліндегі күндері іс- шарасына -***7 000* мың теңге.**

Жалпы аталған іс- шараларға- ***123 763* мың теңге** *қаражат қажет болып отыр.*

Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш. Ж. Мұқан: С.Е. Лесбаев көтеріп отырған мәселеңіз өте орынды, атап өткен іс-шаралар және қаржылар бойынша тиісті жұмыстар атқарылсын.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ:

1. **Шымкент қаласының мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасы м.у.а (Д.Жүнісов), «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК (м.а. С.Е.Лесбаев) қолданыстағы заңнамаға сәйкес:** ұйымдастырылатын іс-шаралардың уақыт тапшылығына байланысты мемлекеттік сатып алу заңдылығының 39 бабының 3-тармағында 46-тармақшасында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылуын қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі: қазан 2022 жыл

Осы хаттаманың орындалуы мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы м.у.а. Д.Жүнісовқа жүктелсін.

Қала әкімінің бірінші орынбасары Ш.Ж. Мұқан